

"Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы № 1185 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 70 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 758 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2023 № 758 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы № 1185 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 44, 485-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Төлем қабілеттілігін растайтын ұсынылған құжаттарды шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның жазбаша келісімімен ішкі істер органдары төлем жасау қабілеттілігін растайтын құжатты берген банк мекемесіне осы Ережеге қосымшаға сәйкес сұрау жіберу жолымен түпнұсқалық тұрғысынан тексереді.";

осы қаулыға қосымшаға сәйкес көрсетілген Ережеге қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Үкіметінің
2014 жылғы 10 ақпандағы
№ 70 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасында
тұрақты тұруға рұқсаттар алуға
үміткер шетелдіктердің және
азаматтығы жоқ адамдардың
Қазақстан Республикасында болу
кезеңінде өздерінің төлем жасау
қабілеттігін растау ережесіне
қосымша

(банк мекемесінің атауы)

(тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, паспорттық деректерін
көрсету)

20__ ж. "___" _____ шығыс № _____ хатпен берілген
шетелдіктің (азаматтығы жоқ адамның) банк шотының бар-жоғын растайтын
құжаттың түпнұсқалығы туралы ақпаратты хабарлауды сұраймын.

Ақпарат сұраған:

(ішкі істер органы басшысының
лауазымы, тегі, аты-жөні) _____
(лауазымды адамның қолы)

_____ ішкі істер органына

(шетелдіктің, азаматтығы жоқ адамның тегі, аты,
әкесінің аты)
ақпарат беруге келісемін.

(қолы) (күні)